



ЖҰМЫС САПАРЫ

ЖҰМЫС САПАРЫМЕН АУДАҢА СЕНАТОРЛАР КЕЛДІ

Алдымен құрметті меймандар 1967 жылы іргесі қаланған Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Аталмыш білім ордасында 269 оқушы білім алады. Биыл 135 млн. теңге сомасына мектептің шатыры мен терезелері, дәліз линолеумы мен фойе плиткалары ауыстырылып, көріздік жүйесі жөнделмек.

«Біздің мектепте мемлекеттің қолдауының арқасында қайта жаңарту жүріп жатыр. Бәрі жоспарға сәйкес және жұмыс кестесіне сай. Шатыр мен терезелер ауыстырылып жатыр. Мұндай жөндеу біздің білім ордасында ешқашан болмаған. Сондықтан өзіміз, ата-аналар қауымы мен оқушылар атынан Мемлекет басшысына алғысымды айтамын.

Сондай-ақ қазіргі кезде мектепке 36 млн. теңге сомасына үш жаңа заманауи кабинет, 7 млн. теңге сомасына асхана құрал-жабдықтары, 16 млн. теңге сомасына жиһаздар сатып алынып, 2,5 млн. теңге сомасына кітапхана жаңартылды, - деді Булаев мектеп-бөбекжай-бақша кешенінің директоры Жанайдар Әлнәзіров.

Өз кезегінде сенаторлар жөндеу жұмыстарының уақытын, сапасын және қаражаттың игерілуін үнемі бақылауда ұстауды тапсырды.

Содан кейін халық қалаулылары «СК Агро-2050» ЖШС аумағында болып, Жол картасы аясында жаңадан салынып жатқан сүт-тауар фермасында болды. Жоба құны – 6 млрд. теңге. Ал жоба қуаттылығы – 800 бас ІҚМ өсіруге және жылына 4000 тонна сүт өндіруге шақталған. 100 сиырды бір мезетте сауатын «Карусель» сиыр сауу жабдығы орнатылмақ. Жаңа нысанның пайдалануға берілуімен 20 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр.

Кездесу барысында депутаттар құрылыс нысанын аралап, агроөнеркәсіптік кешенді жаңғырту және дамыту мәселелерін талқылады.

Іссапар соңында Ольга Перепечина мен Әсем Рахметова Советское ауылдық Мәдениет үйіне барып, азаматтарды жеке қабылдады. Кездесу барысында өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтерген ауыл тұрғындарының өтініштері қаралып, маңызды сұрақтар бақылауға алынды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

8 шілде күні Мағжан Жұмабаев ауданына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары ат басын тіреп, бірқатар нысандарды аралап, мағжандықтармен кездесті. Делегация құрамында – Сенат Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина, сенатор Әсем Рахметова және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының төрағасы Владимир Бубенко болды.



ЕЛІМІЗДЕ МАЛЫН ЕСЕПКЕ ҚОЙМАҒАНДАРҒА, АНЫҚТАМАСЫЗ САТҚАНДАРҒА ЖАЗА КҮШЕЙТІЛЕДІ

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров мал есебін жүргізбейтін мал бағатындарға айыппұл салуды ұсынды. Мұндай шараларға Ақмола облысында сибір жарасын жұқтыру жағдайы себеп болған. Айдарбек Сапаровтың айтуынша, мал есепке алынбаған және уақытында вакцинацияланбаған.

Ақмола облысында сибір жарасын жұқтыру фактісінен кейін, ауыл шаруашылығы министрілігі мал бағуға қатысты талаптарды күшейтпек. Ол малды вакциналау мен есепке алуға қатысты.

«Сиыр төлдеді ме, жеті күннен кейін бұзауды есепке алып, құлағына белгі қою керек. Автомат жүйе бар. Бірақ кейбіреулер бұл талаптарды елемейді. Жауаптыларға тапсырма берілді, үй аралап, азаматтарға талаптарды түсіндіруі керек. Енді мұндай жағдайда айыппұл қатаңдатылады, оның мөлшерін екі есе арттыруымыз мүмкін» - деді Сапаров Үкіметтегі брифингте.

Мал иелері ғана емес, сонымен қатар, сеніп тапсырылған аумақты дұрыс қадағаламаған ветеринарлар, малды ешқандай құжатсыз сататын сатушылар да жазаланады.

«Бүгінде малды тіркемегені үшін айыппұл мөлшері — 30 мың теңге. Малды базарларда ветеринарлық анықтамасыз сататындар бар. Оларға қылмыстық жауапкершілік қарастырылады. Заңға осындай норма енгізуді жоспарлап отырмыз. Әйтпесе амал жоқ. Бұл салада бақылауды күшейту қажет», - деп толықтырды Ауыл шаруашылығы министрілігінің басшысы.

Өзірге түзетулер дайындалып жатыр. Кейін ол депутаттардың қарауына жіберіледі. Бірақ заңға құлақ аспаған малшылар мен ветеринарларға қазірдің өзінде айыппұл салу жоспарда тұр.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ - СҮТ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Бұған дейін өңірде жалпы көлемі 84,1 млрд теңге инвестиция салынған 23 сүт-тауар фермасы тұрғызылған болатын. Екі жыл ішінде оларға бес мыңнан астам ірі қара мал әкелінді.

«Қазақ сүт» Республикалық сүт және ІҚМ-нің аралас тұқымдары палатасының атқарушы директоры Азамат Сағынбаев Қазақстанда сүт шаруашылығы қарқынды өсіп келеді, дейді. Оның мәліметтері бойынша, 2023 жылдан бастап елімізде жылына 300 мың тоннадан астам сүт шығаратын 48 жаңа сүт-тауар фермасы іске қосылған. Жобаларға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 150 млрд теңгеден асқан. 2020 жылға дейін республика бойынша жыл сайын орта есеппен осындай екі ферма ғана салынған екен.

Солтүстік Қазақстан облысында 17 млрд теңге инвестиция құйылған 22 ірі агрожоба жүзеге асырылуда. Өңір басшысының мәліметінше, бұл мақсатқа 17 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде жеті мың бас ірі қара малға арналған 11 сүт-тауар фермасы бар. Қуаттылығы жылына 47 мың тонна литр сүт. Осының негізінде өзге де өңірлерде сүт фермаларын салуды ұсынылды.

Үкімет отырысында Азамат Сағынбаев, сүт трансформациясының көшбасшысы — Солтүстік Қазақстан облысы деп атап өтті. Облыста 2021-2022 жылдары 21 кәсіпорын іске қосылды. Соның арқасында аймақ 2025 жылы еліміздің агроқұрылымдары арасында сүт өндіру көлемі бойынша бірінші орынға шыққан.

«Жаңадан іске қосылған сүт-тауар фермаларында бір жәй

сиырға орташа жылдық сүт көлемі 8,2 мың литрден келеді. Ал сүтті сиырларда 11 мың литрге жетеді. Бұл Еуропаның сүтті мол өндіретін елдерінің деңгейімен сәйкес. Сүт шаруашылықтары өңірдегі өндіріс саласын өсімге бастап қана қоймай, ауылдарда жұмыс орындары мен инфрақұрылым қалыптастыра алатын құзырет орталықтарына айналууда», - деп атап өтті ол.

Ікемді кепіл шарттары бар 2,5% жеңілдікті несиелер, суару технологияларын енгізуді субсидиялау өсудің негізгі факторлары. Сонымен қатар, «Кен дала» бағдарламасы арқылы тұқымдар мен тыңайтқыштарға қолжетімділікті арттыру да бар.

Мал азығы базасының дамуы да ерекше әсер еткен. Минералды тамақтану деңгейінің жоғарылауы, жоғары тиімді техникаға қол жетімділік және суару алаңының кеңеюі фермерлерге жемшөп қунын төмендетуге және саууды арттыруға мүмкіндік берді.

Палатаның атқарушы директоры СҚО тәжірибесін бүкіл елге кеңірек тарату қажеттігін айтып отыр. Ол үшін министрліктер мен өкімдіктер тарапынан үлгілік жобадағы шешімдер мен институционалдық қолдау керек.

«Қазақстанда сапалы сүтке деген ішкі қажеттілікті қамтамасыз ету және халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті ойыншы болу үшін барлық қажетті ресурстар бар», - деп атап өтті ол.



«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ЖАҢА АТҚАРУШЫ ХАТШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алғашқы болып сөз алған Болат Ғалижанұлы басқа қызметке ауысуына байланысты Төлеген Әбілмәжіновке облыстық басшылық атынан алғыс білдірді.

Бірінші кезекте Төлеген Әлжанұлына партияның дамуына қосқан үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді. 2 жыл бойы Төлеген Әлжанұлы партиялық жобаларды және сайлауалды бағдарламаның жол картасын табысты іске асыруға, партиялықтарды біріктіруге, ауыл тұрғындарының проблемалық мәселелерін шешуге ұмтылысын көрсетті.

Оның басшылық кезеңінде көптеген өзгерістер болды: бірнеше сайлау науқандары, партияны жаңғырту, жаңа жобалар. Мұның бәріне Төлеген Әлжанұлы да өз үлесін қосты.

Бай тәжірибесі мен қажетті байланыстары бар Төлеген Әлжанұлы ұйымдастырушылықтың бірегей талантын көрсетіп, аудандағы еріпестерінің ерекше құрметіне және беделіне ие болды. Сонымен қатар, ол көрермет адами қасиеттерге және тұрақты сипатқа ие, соның арқасында ол қойылған міндеттерді сәтті және тез шеше алды. Партия басшылығының атынан, облыстық филиалдың Саяси кеңесінің атынан жұмысқа ұқыпты қарағаныңыз және міндеттерді тиімді жүзеге асырғаныңыз үшін зор алғыс білдіргім келеді, - деп Болат Данияров Алғыс хат табыс етті.

Содан соң, облыстық атқарушы хатшының орынбасары партияның орталық аппаратымен келісім бойынша аудандық филиалдың атқарушы хатшысы лауазымына Қайнолла Тоқаулы Сметовты ұсынылғанын жеткізді. Сметов Қайнолла 1964 жылы 5 қаңтарда Омбы облысы Қасқат ауылында дүниеге келген. Жоғары білімі бар. 1986 жылы Қостанай ауыл шаруашылығы институтын зоотехник мамандығы бойынша бітірген.

Әр жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Вовзыхин ауданы Вовзыхин аудандық комсомол комитетінің 1-ші және 2-ші хатшысы, ауылдық округ әкімі және Шал ақын ауданының кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы болып еңбек етті.



4 шілде күні «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалында алқалы жиын өтіп, жаңа атқарушы хатшы тағайындалды. Төлеген Әлжанұлы Әбілмәжіновтың орнына Қайнолла Тоқаулы Сметов келді. Партия жиналысына аудан әкімінің орынбасары Абай Қазисов, облыстық атқарушы хатшының орынбасары Болат Данияров, ардагерлер және қоғамдық кеңестердің төрағалары, депутаттар, мекемелер мен ұйымдардың басшылары қатысты.

Осы тағайындауға дейін Мағжан Жұмабаев ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарған.

Қайнолла Тоқаулы, Сізді тағайындауыңызбен құттықтаймын! Сізді білімді және тәжірибелі басшы ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың реформалар курсы, партия басшылығының, оның төрағасы Ерлан Жақанұлы Қосановтың партиялық жұмысты одан әрі нығайтуға бағытталған тапсырмаларын орындау үшін бар күш-жігеріңізді салатыныңызға сенімдіміз, - деп Болат Ғалижанұлы филиал алдында тұрған міндеттерді тізіп өтті.

- Ағымдағы жылы филиалдың алдында

үлкен міндеттер тұр, оларды орындауға барлық жауапкершіліктен қарау керек.

Бұл, бірінші кезекте, аудан тұрғындарын толғандыратын мәселелерді көрсететін сайлауалды бағдарламаның сәтті жүзеге асырылуы. Жол картасының орындалуын мұқият партиялық бақылау қажет. Біз бір жыл бұрын уәде етілген барлық істерді жүзеге асыруға міндеттіміз. Сонымен қатар, сайлау науқандары кезінде халықтан түскен ұсыныстар мен тілектерді талдауға сәйкес, халықты толғандыратын негізгі мәселелер - азық-түліктің жоғары бағасы, жалақының төмендігі, ауылдық инфрақұрылымды дамыту, жұмыссыздық. Бұған да назар аудару керек.

Екіншіден, ақпараттық жұмысты белсенді

қолдау қажет. Мағжан Жұмабаев ауданының филиалы осы бағытта жұмыс істеп, қарқын алуы қажет. Біз партия мүшелерінің, бастауыш ұйым басшыларының, депутаттардың белсенділігін көріп отырмыз. Әлеуметтік желілердің әлеуетін толық пайдалану қажет.

Үшіншіден, партия мүшелерімен, бастауыш партия ұйымдарымен жұмыс істеуге ерекше назар аудару керек. Оларға үлкен үміт артылды, бұл партияның тірегі. Сондықтан партиялықтардың кетуіне жол бермеу керек, оларды партияның стратегиялық міндеттері төңірегінде шоғырландыру қажет.

Осы міндеттерді шешуден басқа, ауданда филиалға тиісті назар аудару қажет мәселелер жеткілікті. Бұл депутаттық фракцияның жұмысын күшейту, қоғамдық қабылдау, партиялық бақылау жұмыстарын жандандыру, партиялық жобаларды іске асыру және т.б.

Құрметті партиялықтар!

Біз бәріміз партияның беделін арттыру үшін үнемі жұмыс істейміз. Ең алдымен, халықпен сапалы жұмыс жүргізу және тұрғындардың сұраныстарына жауап беру қажет.

Құрметті активке қатысушылар!

Біз әрқашан «АМАНАТ» халықты қолдайтын партия екенін есте ұстауымыз керек, сондықтан біз үшін бірінші кезекте сайлаушылардың сенімі мен қолдауы маңызды, - деп түйіндеді Болат Данияров.

Жиын барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов пен аудандық мәслихаттың төрағасы Айзада Рахметова екі жыл бойы партияның филиалын басқарып, қажырлы еңбек еткен Төлеген Әбілмәжіновке алғыс айтып, жаңадан тағайындалған тәжірибелі басшысы Қайнолла Сметовқа денсаулық, қызметіне табыс пен сәттілік тіледі.

Өз кезегінде Қайнолла Тоқаулы партияластарына ризашылығын білдіріп, Партияның бекіткен Жол картасын, мақсат-міндеттерін бұлжытпай орындап, мажандықтардың әп-ауқатын арттыруға үшін өзінің білімі мен бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



С БЖЗҚ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ САУАЛДАР

ЗЕЙНЕТАҚЫ КАПИТАЛЫҢЫЗДЫ ЕЗЖ ЕСЕБІНЕН ҚАЛАЙ КӨБЕЙТУГЕ БОЛАДЫ?



1) Ерікті зейнетақы жарналарын қалай аударсам болады? Оны жұмыс беруші аударма ала ма?

Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) жеке және заңды тұлғалар аударуға алады. Жеке тұлғалар қаражатты өз табысы есебінен жеке бас пайдасына және (немесе) жақындары үшін аударса, заңды тұлғалар өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аударуға алады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ жұмыс берушіге өтініш беру арқылы аударуға болады. Өтініш негізінде қаражатты жұмыс беруші Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) көрсетілген тұлғаның пайдасына аударуға алады.

ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ - шот алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есебі жүргізілетін ЖЗШ:

- агенттер ЕЗЖ аударған кезде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері;
- жеке тұлға өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына алғашқы жарна аударған кезде өтінішсіз ашылады.

2) Айтыңызшы, ерікті зейнетақы

жарналары есебінен төлемдерді қашан және қалай алуға болады?

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толғанға дейін - 50 жастан бастап алуға болады. Сонымен қатар, олар мұгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға беріледі.

Ерікті зейнетақы жарналары есебінен төлемдер алуға өтінішті БЖЗҚ-ға тапсыру қажет. Өтініш беру тәсілдері: enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинет арқылы, сондай-ақ БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне келіп жүзеге асыруға болады.

Барлық жарна түрлері есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасын enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте 24/7 режимінде қадағалауға болады.

БЖЗҚ сайтында оларды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған. Сондай-ақ, БЖЗҚ-ның "Төлем құжаттарын алдын ала тексеру" электрондық қызметін пайдалана отырып, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін жіберілетін құжаттарды алдын ала тексеруге болады.

«БЖЗҚ» АҚ салымшының ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) аудару

туралы уақытылы шешім қабылдауы оған зейнетақы капиталын едәуір толықтыруға және болашақта жоғары төлемдер алуға септігін тигізетіндігін еске салады.

3) Ерікті зейнетақы жарналарын мұраға беріле ме?

Зейнетақы жинақтары, оның ішінде ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған жинағы бәрадамқайтыс болған жағдайда, оның зейнетақы жинағы Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Атап айтқанда, зейнетақы жинақтарын мұраға беру есепте немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған кезде немесе бүкіл мұраның тағдырын анықтай алмаған кезде, сондай-ақ, басқа жағдайларда мұрагерлік заң күшіне енеді.

4) Ерікті зейнетақы жарналарының артықшылығы неде?

Азаматтар ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) өз қалауы бойынша төлейді, олардың мөлшері мен кезеңділігін дербес белгілейді. ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін де алушы БЖЗҚ-ның зейнетақы ережелеріне сәйкес дербес айқындайды. Бұл жарналардың осы түрінің көп артықшылықтарының бірі ғана. Сондай-ақ, салық заңнамасында жеке тұлғаның ЕЗЖ-ны өз табысы есебінен төлеген кезде төленетін сомаға салық шегерімі көзделген.

Жұмыс берушілерге келетін болсақ, олар да салықтық жеңілдіктерге ие болады. Мәселен, жұмыс берушінің қызметкердің пайдасына аударған ЕЗЖ жеке тұлғаның табысы ретінде қарастырылмайды, жұмыс беруші үшін мұндай шығыстар

корпоративтік табыс салығын есептеу кезінде шегеріледі. Яғни, бұл жағдайда жұмыс беруші салықтық жеңілдіктерге ие болады.

5) Ерікті зейнетақы жарналарын инвестицияланады ма? Оларды инвестициялық портфельді басқарушыларға аударуға бола ма?

Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарады. Десек те, салымшылар зейнетақы жинақтарын инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) аударуға құқылы. Олар кірістілік пен төлеу келді түрлі деңгейлеріне ие сан алуан инвестициялық стратегияларды ұсынады. Егер ИПБ-ға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50% дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтарын толық көлемде сеніп тапсыруға болады.

Зейнетақы жинағының бір бөлігін ИПБ-ға аудару салымшының өтініші бойынша жүргізіледі. Оны Қор сайтындағы жеке кабинетте немесе БЖЗҚ-ның кез келген филиалында электрондық форматта беруге болады. Инвестициялау нәтижелері бойынша басқарушы компанияны өзгертуге болады, бірақ мұндай мүмкіндік жылына бір рет ғана беріледі. Осылайша, зейнетақы активтерін басқаруға қатысу - ЕЗЖ-нің тағы бір артықшылығы.

Марина САРАПИК,
«БЖЗҚ» АҚ СҚОФ барып қызмет көрсету бөлімінің бас маманы.



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

Соңғы айғағы ретінде шілде айының 9-шы жұлдызында аудандық Мәдениет үйінде «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының аудандық кезеңі қорытындыланып, үздік отбасылар марапатталды.

Отбасы – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын шежіре, баға жетпес рухани мұра. Ол – қамқорлықтың, сабыр мен түсіністіктің, өзара қолдау мен шексіз махаббаттың қайнар көзі. Маңызды зор мерекесі мағжандықтар отбасы құндылықтарын сақтап, ұрпағын сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеп отырған ең үлгілі, ең мейірімді отбасылармен танысты. Өйткені мұндай іргелі шаңырақтар – адалдық пен берекенің, мейірім мен бірліктің нышаны!

Алдымен сахнаға шыққан аудан әкімінің орынбасары Азамат Шөріпов өңегелі жанұяларды құттықтап, жиналғандарға аудан әкімі Рахат Смағұловтың құттықтауын жеткізді.

Құрметті мағжандықтар! Сіздерді «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қорытындысымен құттықтаймын.

Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген асыл сөз бар, ол қай заманда да өзгерген емес. Әр жанұя қоғамның дінге, экономикаға, мәдениетке, әлеуметтік саясаттағы барлық жаңа жетістіктерінің негізі болып қала береді. Бүгінгі мерейлі мерекесі отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, ұрпақтыңыңа бақ-береке, елімізге тыныштық тілейміз!

Аудандағы әр отбасының керегесі кең, шаңырағы биік, босағасы берік болсын, – деді Азамат Сайраұлы.

Биыл «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының аудандық кезеңіне жеті отбасы қатысып, олардың үшеуі жүлдеге иікті.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия шешімі бойынша Сәдуақасовтар отбасы – аудандық кезеңде жеңімпаз атанып, облыс намысын республикалық байқауда қорғауға жолдама алды.

Алмас Мананбайұлы Сәдуақасов пен Айтжамал Бақытжанқызы Нұрлыбаева – Сулышқо ауылының тұрғындары. Бұл отбасы Түркістан облысының «Қоныс аудару» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2021 жылдың қаңтарында теріскейге көшіп келіп, жаңа өмірге қадам басты.

Алмас Мананбайұлы – Еңбекші-қазақ орта мектебінде күзетші қызметін атқарып, отбасына қорған бола білген

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударып отырғандығын атап өтуіміз керек. Елімізде отбасы ұғымын дәріндейтін, кейінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында түрлі игі шаралар ұйымдастырылып жатыр. Солардың бірі республикамызда дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының өткізілуі. Аталмыш байқау арқылы халқымыздың талай өнегелі де мерейлі отбасыларын марапаттап, мәртебе биігінен көрініп келеді.

еңбеккер азамат. Ал Айтжамал Бақытжанқызы болса химия пәнінің мұғалімі және шағын орталықта тәрбиеші болып еңбек етеді. Сонымен қатар, би өнеріне де жақын, болашақта ауылда би үйірмесін ашуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, ұлттық тағам – күрт дайындаумен де айналысады. Жеңімпаз жанұя Сәдуақасовтар – көпбалалы отбасы. Өнегелі ата-ана жеті бірдей перзентті тәрбиелеп отыр. Ұл-қыздары – Алуа, Ақселеу, Айтөре, Айару, Асфендияр және Айзере – әрқайсысы білімге құштар, тәртіпті, ізетті балалар. Алуа – Петропавл қаласындағы дарынды балаларға арналған Әбу Досмұхамбетов атындағы облыстық интернет-гимназиясының 7-ші сынып оқушысы. Ақселеу – 5-сыныпта, Айтор – 3-сыныпта, Айару – Еңбекші-қазақ толық емес орта мектебінің 1-ші сыныбында оқиды. Асфендияр мен Айзере шағын орталық тәрбиеленушілері. Үлкендері анасына кіші бауырларын қарауға көмектесіп, отбасы берекесін арттырып отыр. Сәдуақасовтар отбасы – еңбегімен елге сыйлы, тәрбиесімен көпке үлгі. Олар ауылдастарына мейірім мен парасаттың, еңбек пен бірліктің шынайы үлгісін көрсетіп келеді.

«Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңінде II орын алған Горбашовтар отбасы – Қарақоға ауылында тұрады.

Еріп-зайыптылар 1994 жылы шаңырақ көтеріп, 30 жыл ішінде үш бала тәрбиелеп, төрт немере сүйіп отыр. Инна Владимировна Қарақоға орта мектебінде педагог-психолог болып жұмыс істейді, ол әріптестері мен ата-аналар арасында беделге ие сезімтал, мұқият және адал маман. Николай Алексеевич – «Нұр-Агро2050» ЖШС-де ветеринарлық дәрігер болып еңбек етеді, жауапты, адал, еңбеккер адам. Отбасы округтік қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Мәселен, Инна Владимировна мен ұлы Андрей – туған ауылында да, аудандық деңгейде де концерттік және мерекелік іс-шаралардың тұрақты қатысушылары. Олардың шығармашылық энергиясы мен белсенді азаматтық ұстанымы шынайы құрметке ие. Горбашовтар жанұясы – тек

оң жағынан сипатталады. Бұл өз балаларына лайықты білім, адамгершілік бағдарлар, рухани даму және толыққанды қамқорлық бере білген, салауатты өмір салтын ұстанатын жауапты, ұйымшыл, тату отбасы.

Лайықты, ұйымшыл және белсенді Қайрат отбасы – «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңінде III орынды жеңіп алды! Отағасы – Бауыржан Тауыпқылы «Қазақтелеком» АҚ-да инженер болып жұмыс істейді. Жұбайы Гүлсім Мұратқызы – аудан әкімі аппаратының персоналды басқару жөніндегі бас маманы. Жұмыста ол өзін мақсатты, жауапты және ұқыпты маман ретінде көрсетуде. Кәсіби қызметінен басқа Гүлсім Мұратқызы волонтерлік қызметпен белсенді айналысады. 2019 жылдан бастап ол «Помощь рядом» еріктілер қозғалысының қатысушысы болып табылады, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға және өмірлік қиын жағдайға тап болғандардың барлығына қолдау көрсетеді. Оның бастамасымен көптеген игі істер мен шынайы көмектер көрсетілді. Барлық істер мен игі істерде оны жұбайы Бауыржан Тауыпқылы үнемі қолдайды. Ол сенімді күйеу мен әке ғана емес, сонымен қатар қайырымдылық акциялары мен іс-шаралардың белсенді қатысушысы.

Отбасы – Азалия, Ибрагим және Даниялия есімді үш бала тәрбиелеп, лайықты өсіріп отыр. Үлкен қызы Азалия – биімен және музыкамен айналысып, ауданның және мектептің қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Ұлы Ибрагим – футболға құмар, сонымен қатар мектеп пен аудандық іс-шараларға белсенді қатысады. Балалардың барлығы – әдепті, жанашыр, мейірімді және қамқор. Бұл туған өлкенің нағыз жас патриоттары, өйткені бүгінгі өзінде олардың қолында жетістіктер, грамоталар мен марапаттар бар. Қайрат отбасы – белсенді азаматтық ұстанымды ұстанып, жүректің жылуын, көзқарастардың бірлігін және өзара құрметті паш еткен жанұя. Бұл отбасы мүшелері маңызды әлеуметтік жобаларға қатысып, Мағжан



Жұмабаев ауданының дамуына өз үлестерін қосуда.

Сондай-ақ бұл күні жоғарыда аталған комиссия шешімі бойынша байқауға қатысып, отбасылық құндылықтарын паш еткен бірқатар отбасылар марапаттарға ие болды. Мәселен, Лебяжка ауылынан келген Александр Валерьевич пен Любовь Николаевна Ивановтар «Жас отбасы» номинациясында жеңімпаз атанса, «Шығармашылық отбасы» аталымы бойынша Дабылбековтер отбасы марапатталды. «Тату отбасы» номинациясында Баймановтар жанұясы жеңіске жетсе, «Отбасы құндылықтарын сақтаушылар» номинациясында Әбішевтер отбасы биіктен көрінді.

Біздің ауданымызда мәуелі әулетке айналған мерейлі отбасылардың қатары қалың. Олар бүгінде бүтін бір елдің үлгі-өнеге алаңына айналып отыр. Отбасылық құндылықтарды қастерлеп, салт-дәстүрді берік ұстанған, ұрпағына тағылымды тәрбие берген осындай ардақты жандар қай кезде де мақтануға тұрарлық. Осы өткізілген «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының аудандық кезеңі соның дәлелі.

Атақты жерлесіміз Мағжан Жұмабаев: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн», – деген екен. Қай заманда да берік отбасылық құндылықтар арқылы ғана мемлекеттің іргесі мығым, ғұмыры мәңгі болады.

Ендеше, барша мағжандық отбасыларға зор денсаулық, береке-бірлік, жақсылық тілеп, шаңырақтарымызға махаббат пен татулық салтанат құрсын деймін.

Гүлжан ЖАНСҮГІРОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы.

ҚАРАҚОҒА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ - ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ



5 шілде күні Булаев қаласында «Жастар» орталық стадионында көптен күткен «Ақ бидай – 2025» аудандық спорт мерекесі болып өтті. Дүбірлі додада ауданның 17 ауылдық округінен және Булаев қаласынан барлығы 435 қатысушы бақ сынады. Бұл күні спортшылар үстел теннисі, шахмат, ауыр атлетика, гир спорты, еркін күрес, бокс, футбол, волейбол, баскетбол және жеңіл атлетика сияқты спорт түрінен сынаға түсіп, жеңіс үшін күш салды.

Атап өтерлігі, аудандық спартакиада ерлер де, әйелдер де, жас таланттар мен тәжірибелі спортшыларда барын салды. Олардың әрқайсысы өз командасының намысын қорғап, жарыс алаңдарында қолдарынан келгеннің бәрін көрсетуге тырысты. Өз кезегінде жарысты ұйымдастырып өткізген басты ұйымдастырушы - дене шынықтыру және спорт бөлімі мен Булаев қаласының әкімдігі барлық спортшылардың лайықты әрі тең дәрежеде өнер көрсетуіне барлық жағдай жасап, тіпті, барлық қатысушылар

үшін тегін тамақ ұйымдастырды. Қанат Мұсатаев осындай спорт шаралары тек дене дағдыларын дамытып қана қоймайтынын атап өтті.

- Спартакиада тек жай ғана спорт емес. Бұл өмір мектебі. Мұнда жастар жеңіске жетуді, қиындықтарды жеңуді, бір команда болып өнер көрсетуді және қарсыластарын құрметтеуді үйренеді. Осыдан туған жерге деген сүйіспеншілік пайда болады. Спорт көшбасшыларды, патриоттарды және болашақ қорғаушыларды тәрбиелейді. Мұндай іс-шаралардан соң, аудан құрамасы жасақталып, 9-12 шілде күндері Тайынша ауданында өтетін облыстық спартакиадада ауданның намысын қорғауға аттанады. Біз спортшыларымызға сенеміз және оларға жеңіс пен сәттілік тілейміз, - Қанат Мерекеұлы.

Таңертеңнен кешке дейін созылған жарыстың қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі ұйымдастырылып, онда үздік командалар мен қатысушыларды тамаша дайындығы, табандылығы және жеңіске деген ұмтылысы атап өтілді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамоталармен, медальдармен, сертификаттармен және естелік кубоктармен марапатталды.

Жалпы командалық есепте Қарақоға ауылдық округінің командасы - жарыс жеңімпазы атанды. Булаев қаласының спортшылары 2-ші орынды иеленсе, Возвышен ауылдық округінің ұжымы 3-ші орыннан көрінді.

Біздің аудан тек әсем табиғатымен ғана танымал емес, сонымен бірге жас, жігерлі, өршіл адамдармен де мықты. Мұндай спорттық іс-шаралар - өзіне деген сенімді нығайтады және үлкен жетістіктерге шабыттандырады. Ендеше, «Дені саудың - жаны сау», - демекші, барлық мағжандықтарды дене шынықтырумен және спорт айналысуға шақырып, аудан спортшылары биік белестерді бағындыра берсін демекпіз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



14 ШІЛДЕ – НОТАРИАТ КҮНІ

НОТАРИАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ – ҚОҒАМҒА ҚАЖЕТ

ҚР Премьер-министрі еркінбасарының 2023 жылғы 29 маусымдағы № 258 «Қосбас мерекелердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 14 шілде – Нотариат күні белгіленді. Бұл күнде «Нотариат туралы» заң 1997 жылғы 14 шілдеде қабылданды. Бұл Қазақстан Республикасының нотариаттың 28 жыл тоюын тойлауы. Нотариат дегеніміз – жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, олардың заңды мүдделерін қорғайтын әрі білікті заң көмегі көрсететін құқықтық институт белгілі табылады.

Қазіргі кезде жұртшылық нотариустың қызметін жиі пайдаланады. Бүгіндері нотариатқа жүгінбейтін адам кемде-кем шығар. Мәселен, үй, көлік сату, құжат ресімдеу, мұрагерлік, келісім, пәтуа және өзге де азаматтық істердің барлығы осы нотариустың қолында.

Осыған орай, жай-жапсары көпшілік оқырманға беймәлімдеу мамандық иелерінің жұмысы жайында сөз қозғағанды жөн көрдік. Бүгінгі таңда, ауданда үш нотариус жұмыс істейді және соның бірі – Шаришова Салтанат Төлегенқызы.

2023 жылдың 15 қарашасынан бастап ауданда нотариаттық қызмет атқаратын білікті маман аудан халқына аянбай қызмет етіп, нотариус ретінде келісімшарттар мен жеке тұлғалардың арыздарын, түрлі құжаттарға қойылған қолдардың түпнұсқалығын, сенімхаттарды куәландырады және құжаттар мен қолдардың дұрыстығын растайды.

Сонымен бірге өсиеттерді, мұрагерлік істерді ашады, мұрағаттық істер бойынша мұрағаттық құжаттарды береді. Жоғарыда аталған Заңға сәйкес түрлі мәмілелер мен шаруашылық серіктестіктерінің құрылтай құжаттарын куәландырып, мұраға сенімгерлік басқарушыны тағайындай-

ды, мұраға құқық туралы куәліктерді береді. Ал мәселені байыптал қарайтын болсақ, нотариустардың қызмет аясы бұдан әлдеқайда кең.

Бастамар ауылында дүниеге келген Салтанат Төлегенқызы ауылдағы орта мектепті тәмамдап, Петропавл қаласындағы экономикалық колледжде «заңгер» мамандығы бойынша білім алады. 2009 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп, бакалавр дәрежесіне ие болады.

Еңбек жолын 2010 жылы мемлекеттік қызметпен, яғни Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман-хатшы болып бастайды. Ал 2013-2021 жылдары Қарақоға ауылындағы «ЖНВ» ЖШС заңгер лауазымында қызмет атқарады. Ол серіктестіктің барлық құжаттарын ретке келтіріп, шаруашылыққа қажет келетін келісім шарттар жасауда аянбай еңбек етеді. Бір сөзбен айтқанда, құқықтану саласында біраз тәжірибе жинақтайды.

2021 жылы отбасы жағдайымен Булаев қаласына көшіп келуіне байланысты С.Т. Шаришова жинаған білімі мен тәжірибесін отандық нотариат жүйесінде пайдалануды ойла-

стырады. Осылайша, бір жыл бойы Петропавл қаласында көп жылғы тәжірибесі бар нотариус Наталья Владимировна Пильтеванованың жанында арнайы тағылымдамадан өтеді.

Салтанат Шаришованың айтуынша, Заң бойынша нотариус болу үшін үміткер 25 жасқа толған, заң саласы бойынша жоғары білімі, осы саладағы 2 жыл жұмыс өтілі бар ҚР азаматы болуы тиіс.

Нотариус болуға үміткер нотариустан тағылымдамадан, содан кейін аттестаттаудан өтеді. Бұрын сотты болған, жойылмаған соттылығы бар азаматтар, белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылған адам нотариус бола алмайды. Әрине, азаматтардың нотариус бола алмайтын себептері мұнымен шектеліп қалмайды.

Сол себепті, жеке нотариус болу маған оңайға түспеді. Дегенмен, барлық сынақтан сүрінбей өтіп, алдыма қойған мақсатыма жетіп отырмын. Өзіме қажетті актілер семинарларға қатысып, арнайы сертификаттар алып отырмын. Себебі, заңнамалар мен нормативтік құжаттарға толықтырылу мен өзгерістер енгізілуіне байланысты, оның бірі біліп, күнделікті қызметіме пайдалану аса қажет. Мен



дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен жұмыс істеймін.

Одан қалды, мен құжаттардың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылғанын куәландыратындықтан халықпен екі тілде сөйлесе беремін. Құжаттарды да жүргінген азаматтардың тілегі бойынша кез келген тілде жасаймын, - дейді Салтанат Төлегенқызы.

Біздің кейіпкеріміз жеке нотариус атану үшін Астана қаласында 2023 жылғы 19 қыркүйекте аттестаттаудан өткен. Осылайша, биыл нотариус қызметі екі жылға жуықтаған Салтанат Шаришова заң талаптарын ғана басшылыққа

алатын өз ісінің білгір маманы ретінде қалыптасқан тұлға. Осы аралықта ол жүздеген іс жүргізіп, мағжандықтардың көңілін шығып отыр. Өйткені ол жауапкершілікті қатаң сезінетін білікті заңгер.

Иә, аталмыш сала қателіктерді кешірмейді. Сондықтан болар, азаматтық қоғамда нотариустардың жүгі ауыр болғанымен, келтірер пайдасы зор.

Ендеше, аудандағы нотариаттық қоғамдастықты кәсіби мерекелерімен құттықтап, мереке күні зор денсаулық, шыдамдылық және жоғары мақсаттарға жетуді тілейміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

ТУҒАН ЕЛГЕ САЯХАТ – ТАНЫМ МЕН ӘСЕРГЕ ТОЛЫ ЖАЗ



Жазғы демалыста мен үшін ең есте қалған сәт – «Туған елге саяхат» атты ерекше лагерь болды. Бұл бағдарлама аясында мен Қазақстанның бірнеше қалаларын аралап, көптеген қызықты орындарда болдым. Түркістан, Алматы, Балқаш және Екібастұз қалаларында жаңа достар тауып, ел тарихы мен табиғатын жақынырақ таныдым.

Саяхатымыз Air Astana компаниясымен байланысты басталды. Біз ұшпасақ та, ұшқыш пен инженердің арнайы кездесуі мен үшін үлкен әсер қалдырды. Олар бізге ұшақтың қалай жұмыс істейтінін, ұшуға дайындық процесін, қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Бұл менің авиацияға деген қызығушылығымды арттырды.

Түркістанда біз ежелгі тарихпен таныстық. Керуен-Сарай кешенінде болдық. Онда заманауи сәулет пен тарихи атмосфера үйлесім тапқан. Музейдегі жәдігерлерден халқымыздың өткен өмірі жайлы көп нәрсе білдім. Түркістандағы

сәнді қонақүйлерде (отельдерде) тоқтағанымыз да ерекше ыңғайлы әрі қызықты болды.

Алматы қаласында бізге табиғат пен қалалық өмірдің үйлесімі қатты ұнады. Ботаникалық бақта сирек кездесетін өсімдіктерді көрдік, ал зоопарк бізді жануарлар әлеміне саяхатқа алып кетті. Тауға барып, таза ауамен тыныстадық. Сондай-ақ Орталық саябақта (Центральный парк) серуендеп, түрлі ойын-сауық аттракциондарын тамашаладық. Аквапарктағы көңілді сәттер де ұмытылмас естеліктерге айналды.

Балқаш қаласында әйгілі Балқаш көлінің жағасында болдық. Көлдің табиғаты, көгілдір суы мен күн батыр сәтіндегі көрінісі ерекше әсем болды. Бұл табиғатпен тынығудың ең керемет сәті еді.

Екібастұзда біз өндірістік зауытқа бардық. Мұнда үлкен технологиялық процестермен таныстық. Зауыттағы жұмысшылардың еңбегін көріп, техникаға деген қызығушылығым артты.

Бұл саяхат маған туған елімнің

көндігі мен байлығын көрсетті. Әр қала – өз алдына бөлек әлем: Түркістан – рухани, Алматы – табиғи әрі заманауи, Балқаш – су жағасындағы тыныштық, ал Екібастұз – еңбектің күші.

«Туған елге саяхат» лагерьі – менің жазымда ең ерекше әрі пайдалы етіп өткізген бағдарлама болды. Бұл сапар маған тек демалыс емес, жаңа білім мен шабытымды да сыйлады.

Осындай керемет саяхатты ұйымдастырғандарыңыз үшін мектеп әкімшілігіне, аудандық білім бөліміне, облыстық білім басқармасына және «Самұрық-Қазына» компаниясына шын жүректен алғысымды білдіремін.

Көрсеткен қолдауларыңыз бен маған артқан сенімдеріңіз – мен үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Бұл сенімді ақтау үшін бар күш-жігерімді салып, үміттеріңізді ақтауға тырысамын.

Индирә ТІЛЕКТЕСОВА,
9 сынып оқушысы
Медвежка орта мектебі.



**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ
2025 ЖЫЛДЫҢ ҮШІНШІ ТОҚСАНЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Т.А.Ә.	Қабылдау күні, уақыты	Қабылдау орны
